

Бестамак орта мектебінің Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы

Бестамак ауылы

Хаттама №4

28.12.2023

Қатысқандар: 9

Күн тәртібінде:

1. Білім беру ұйымы басшысының қайырымдылық көмек құралдарын пайдалану және олардың қозғалысы жөніндегі қызметі туралы есебі.
2. Қамқоршылық кеңестің атқарылған I жартыжылдық есебі.
3. Ағымдағы мәселелер

Алғашқы сөз алған мектеп директоры А.Истегулова Қамқоршылық кеңесі отырысының күн тәртібімен таныстырып өтті. «Мектепке жол» акция аясында мектебіміздің биология пәні мұғалімі Куртекова Айгерім отыз мың теңге көлемінде аяқ - киім, оқу - құралын Такен Алия мен Такен Нұрсұлтан алып берді. Ата – ана Жумағалиева Салтанат он мың көлемінде Рысжан Есетке, мектептің әлеуметтік педагогы Рустем Самал Байғана Қолқанатқа он мың теңгеге оқу құралдарын, ата - ана Тынышбаева Айымгуль Байғана Ақботаға қырық мың теңге көлемінде оқу - құралдары, спорттық костюм, мектеп сөмкесін, информатика пәні мұғалімі Қуатбай Жансая жиырма мың теңге көлемінде Жолмырза Акеркеге аяқ киім, юбка және оқу - құралдарын сатып алып берді. «Ақ жүрек» еріктілер тобы мен «Шебер қолдар» үйрмесі оқушылары қолөнер жәрменкесін ұйымдастырып, түскен қаражатқа күн көрісі төмен Танабергеновтар отбасына азық – түліктей көмек көрсетілді. Жоспарға сай «Армандар орындалады» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, үйден оқитын оқушы Шапай Санжарға Бестамак орта мектебінің мұғалімі Фазылова Айнұрдың демеушілігімен мектеп сөмкесі және оқу – құралдары табысталды. Халықаралық мүгедектер күніне орай «Жылы жүрек – жомарт қол» акциясы ұйымдастырылып, «Жас ұлан» ұйымы, әлеуметтік педагог және тәлімгердің демеушілігімен Сағатұлы Исламбекке дәрумендер, тәттілер апарып, көтеріңкі көңіл - күй сыйлады. Мектеп басшысының тапсырмасы бойынша қыркүйек айынан бастап жекелеген санаттағы білім алушылар және 1-4 бастауыш класс оқушылары ыстық тамақпен қамтылды. Барлығы 346 білім алушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. 64 қаулы бойынша аздамтылған, күн көрісі төмен отбасылардан шыққан 76 тәрбиеленушіден өтініш қабылданды.

Қамқоршылық кеңесі мүшелерімен бірлесе отырып, мектептегі түрлі мәселелерді ақылдаса отырып шешуге, өткізілетін іс - шараларға бұл кісілердің қатынасуын қамтамасыз етіп отырсақ, мектеп жұмысы ілгері басатындығын түсіндірді.

Бірінші мәселе бойынша Бескоспа орта мектебінің директоры Нұрлан Кенесұлы сөз алды. 2023 жылы қыркүйек айында өткен акция барысында мектебіміздің орыс тілі пәні мұғалімі Ажигалиева Жанат қайырымдылық жасап күн көрісі төмен отбасынан шыққан 3 сынып оқушысы Әлібек Әділбекке 5000 теңгеге ақ көйлек алып берді. Мектептің әлеуметтік педагогі Шонкалова Менсулу көп балалы күн көрісі төмен отбасынан шыққан 2 сынып оқушысы Сағындық Айбатқа 10000 теңге мектеп сөмкесі мен оқу құралдарын алып берді. Аудандық білім бөлімінен демеушілік ұсынылып, көп балалы күн көрісі төмен отбасының балаларына көмек көрсетілді. Олар: 1) 5 сынып оқушысы Алмас Ибрахимге толықтай мектеп формасы мен спорттық киімі алып берілді және осы отбасының егіз ұлдары 1 сынып оқушылары Алмас Ахмад пен Алмас Мұхаммадқа спорттық киім берілді. 2) 5 сынып оқушысы Нағашыбай Мұхаммад мектеп формасы және спорттық киіммен қамтамасыз етілді. Қыркүйек айында мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын 2 отбасы балалары 64 қаулыға сәйкес жалпыға бірдей білім беру қорынан оқу жылының басында 5 оқушыға қаржылай көмек көрсетілді. Сонымен қатар, аздамтылған отбасынан шыққан 5 бала және барлық 1-4 сынып оқушылары ыстық тамақпен қамтылды. Жалпы саны барлығы 34 оқушы арнайы уақыт кестесімен тегін ыстық тамаққа барды. Асхана стандартқа сай жасақталып, ай сайын бракераж комиссиясы акт жүргізіп отырды.

Екінші мәселе бойынша мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Қамқоршылық кеңесінің хатшысы Г. Дошанова сөз алды. «Зерде» ғылыми жобасына қатысып, Сұлтанмұратова Амира, Жалғасбай Ерсултан, Қалабай Мөлдір, Ақмадин Жансая, Мұхамбет Инабат, Сағынғали Айару, Аманғали Назерке жүлделі орындарға ие боды. 8-11 оқушылары арасында Республикалық лингвистикалық олимпиадасына қатысып, Болатбек Мадина, Төреғали Наргиз, Нұрсұлтанова Сабина, Сапарғали Дильназ, Рүстемқызы Еркеназ, Рахманов Мағжан жүлделі орындарды иеленді.